



БЕКІТЕМІН:
«Нұр-Жеңіс» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
О.Усербаева

**«Балапан» кіші тобының
2021-2022 оқу жылына арналған
Перспективалық жоспары**

Тәрбиеші: Аюпова Г

КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2021- 2022 оқу жылы қыркүйек айы
Өтпелі тақырып: «БАЛАБАҚША»

Мақсаты: балалардың бойында балабақша туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін, ой- өрістерін кеңейте отырып бірлескен әрекетке қызығушылықтарын дамыту

Міндеттері:

- денсаулық сақтау технологиясы негізінде дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру;
- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым –қатынас дағдыларын, сөздік қорларын қалыптастыру;
- өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру және шығармашылық әрекетті дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
<p>Менің балабақшам</p> <p>1-апта 01.09-03.09</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1. Тәрбиешініңартынан баяу жүру. Бірқалыпты жүгіру. Қимылды ойын: «Балабақшаға барамыз»</p> <p>2.Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру. Бірқалыпты жүгіру. Қимылды ойын: «Топта шар үрлейік»</p> <p>3. Алаңның бір шетіне доптың артынан баяу жүру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Біздің топ»</p> <p>Мақсаты: балаларды балабақшаның топ бөлмелерімен таныстыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»</p> <p>1.музыка</p>	<p>Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: «Ойыншық құлыншақтың жолы»</p> <p>Мақсаты: балаларға құлыншақтың жолын жасау үшін, берілген 4 түстен: қызыл, көк түсті табуға үйрету.</p> <p>Үстел –үсті ойыны: «Жол жаса»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Топтағы гүлдер»</p> <p>Мақсаты: Берілген суреттерден топтағы</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Балабақшадағы әдемі бояулар»</p> <p>Мақсаты: қағазбен, майлы қарындашпен таныстыру. Көлденең, тігінен сызықтар сызуды үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Көңілді сызықтар»</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Біздің балабақшамыз»</p> <p>Мақсаты: Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. Жетекшінің дауыс ырғағына еліктеу. Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз»</p>	<p>Балабақшаның күн тәртібіне бейімделу-леріне жағдай жасау</p>

	Қимылды ойын: «Балабақшадағы көңілді доптар»		гүлдерді ажыратып, табу Үстел –үсті ойыны: «Гүлдерді топтастыр»	(Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев). Ән айту: Бала, бала, балапан» (Ж.Смақов, И.Нүсіпбаев). Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Жүреміз, жүгіреміз» Г.Абдрахманова Музыка Тақырыбы: «Біздің балабақшамыз» Мақсаты: Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев). Ән айту: Бала, бала, балапан» (Ж.Смақов, И.Нүсіпбаев). Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Жүреміз, жүгіреміз» Г.Абдрахманова	
Менің достарым 2-апта 06.09-10.09	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Жұптасып жүруге дағдыландыру. Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Қимылды ойын: «Менің досым» 2. Шеңбер бойымен жұптасып жүру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: оқылған өлеңді тыңдауда шыдамдылыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Досыңды тап»	Құрастыру Тақырыбы: «Доп» Мақсаты: қиылған бөліктерден доп құрастыру. (қағаз) Үстел-үсті ойыны: «Допты құрастыр» Жаратылыстану Тақырыбы: «Қанатты достар» Мақсаты: балаларды балабақша ауласындағы	Сурет салу Тақырыбы: «Көңілді жол» (екі түсті бояумен жол салу) Мақсаты: балаларды екі түсті бояумен түзу сызық сызуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Досыма жол» Музыка Тақырыбы: «Менің достарым»	Сәлемдесу және қоштасу әдептерін үйрету. Топтағы балалармен бірігіп ойнауға тәрбиелеу

	<p>Қонжыққа дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>3.Допты қос қолдап лақтыру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру. Қимылды ойын: «Ақ қоянмен бірге»</p>		<p>құстармен таныстыру. (торғай, қарға, шымшық, көгершін) Дидактикалық ойын: «Торғайға жем береміз»</p>	<p>Мақсаты: Көңілді әнді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.Әннің мағынасын түсіну. Ән айтуға қызығушылықты дамыту. Ән тыңдау: «Кел, билейік» И.Нүсіпбаев Ән айту: «Бала, бала, баламыз» Б.Қыдырбекова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Сенің атың кім?» муз: А.Айтуова</p> <p>Апликация Тақырыбы: «Досымның доптары» Мақсаты: дайын үлгіні қағаз бетіне орналастырып қоя білуге үйрету. Сары түспен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Үлкен –кіші доп»</p>	
--	--	--	---	--	--

<p>Менің сүйікті ойыншықтарым</p> <p>3-апта 20.09-24.09</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Бір бағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту. Қимылды ойын: «Ойыншыққа жету»</p> <p>2. Кілем бойымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту. Жіптің астынан еңбектеп өту (биіктігі 30-40 см) Қимылды ойын: «Сызықты баспай, көжекке жет»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің ойыншығым» Мақсаты: ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Тәрбиешінің сөзін түсініп, не? қандай? сұрақтарына жауап беруге үйрету. Дидактикалық ойын: «Ойыншықтарды ата»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған моншақтар» Мақсаты: балаларды әр түрлі геометриялық бөлшектерді бауға тізбектеуге үйрету. Ұсақ қол моторикасын дамыту. Үстел-үсті ойыны: «Моншақты тіз»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Менде қандай ойыншық бар?»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Таяқшалар» <i>(екі түспен таяқшалар салу)</i> Мақсаты: қарындашты дұрыс ұстай алуды үйрету. Қысқа және ұзын сызықтарды жүргізе білуді үйрету. Дидактикалық ойын: «Әдемі қоршаулар»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым»</p>	<p>Ойыншық-тармен ойнауға қызығушылықтарын арттыру</p>
--	--	---	---	---	--

	<p>3. Қарқынды өзгерте жүру және жүруден жүгіруге ауысу. Қимылды ойын: «Қонжыққа қарай жүгірейік»</p>		<p>Мақсаты: жануарлардың дене бөліктерін атауға үйрету (танау, құйрық, аяқтар) Дидактикалық ойын: «Қоянды сипатта»</p>	<p>Мақсаты: Әннің мағынасын түсінуді қалыптастыру. Әннің сөздері мен жеке буындарын айтып үйренуді қимылмен үйлестіру. Ән тыңдау: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев Ән айту «Біз-көңілді қуыршақ» Г.Жотаева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қуыршақ сөйлейді» Қимылды ойын Музыка Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Таныс әуендерді тыңдап, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев Ән айту: «Біз-көңілді қуыршақ» Г.Жотаева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қуыршақ сөйлейді»</p>	
<p>Жиһаздар 4-апта 27.09-01.10</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Бағытты өзгерте отырып жүру. Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» 2.Жіптің бойымен жүру. Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бөлме жасаймыз» (Восковович) Мақсаты: балаларға жиһаздарды атап айтуға үйрету. (Үстел, орындық, керуерт). Дидактикалық ойын: «Қуыршақтың бөлмесі»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Үй жиһаздары» Мақсаты:Үй жиһаздардың дұрыс айтуға үйрету.Бөлменің ішіндегі жиһаздар туралы айта білуді үйрету; Баланың зейінін, логикалық ойлауын, тілін дамыту .Жиһаздары күтуге тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Менің керуетім» Мақсаты: Түзу көлденең сызықтар жүргізу арқылы парақ бетіне бейнені орналастыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Әдемі керуерт» Музыка Тақырыбы: «Бесік жыры» Мақсаты: Баяу және көңілді әндерді ажырата білуге</p>	<p>Балаларды өздерінің төсек орнын, киім шкафын танып ажырата білуге үйрету</p>

	<p>арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.</p> <p>Қимылды ойын: «Жолыңмен жүр»</p> <p>3. Шеңбер бойымен бағытты өзгерте отырып жүру. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу.</p> <p>Спорттық іс-шара: «Орындығыңа тез жет»</p>		<p>Ойын тапсырма: «Үстел»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Ағаштан жасалатын заттар»</p> <p>Мақсаты: балалардың назарын заттардың негізгі бөліктеріне аудару</p> <p>Ойын: «Топтағы жиһаздарды ата»</p>	<p>үйрету, әуендердің бейнелік сипатын түсіну.</p> <p>Ән тыңдау: «Әлди-әлди» қазақ халық әні.</p> <p>Ән айту: «Сылдырмақ» Е.Хасанғалиев</p> <p>Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Орындықта отырып билейміз»</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған орындық»</p> <p>Мақсаты: балаларды сазбалшық, ермексазбен таныстыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Менің бөлмем»</p>	
--	--	--	---	--	--

КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2021-2022 оқу жылы қазан айы

Өтпелі тақырып: « Жомарт күз»

Мақсаты:балалардың күз туралы түсініктерін қалыптастыру, жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. Күз мезгілі туралы түсініктерін дамыту .

Міндеттері:

- күз мезгілі туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
<p style="text-align: center;">Алтын күз</p> <p style="text-align: center;">1-апта 04.10-08.10</p>	<p style="text-align: center;">Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1. Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру . Қимылды ойын: «Жапырақтар жинайық»</p> <p>2. Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Күзгі соқпақ жол»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:« Мол өнім» Мақсаты:Көкөністер мен жемістер 4-5 түрін атауға үйрету. Табиғаттың маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру. Үлкендер еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Әкем егін егеді»</p>	<p>Сенсорика « Көкөністер» Мақсаты: балалардың ойлау қабілеттерін арттыру. Дөңгелекті сопақшадан ажырата білуге үйрету. Ойын: «Дәмін тат»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қоңыр күз» Мақсаты: Күз мезгілімен-табиғаттағы маусымдық өзгерістермен (бұлтты, суық) таныстыру. Дидактикалық ойын: «Гүл күлтелерін жинайық»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Жау-жау , жаңбыр (дайын үлгідегі бұлттың астына) Мақсаты: Тік сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»</p> <p>Музыка Тақырыбы:«Алтын күз» Мақсаты:. Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Ән сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру. Ән тыңдау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова Ән айту: «Күз» Ғ.Абдрахманова Әуенді ырғақты қимыл- ойын: «Қолшатыр»</p>	

	<p>3. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. Допты нысанаға дәлдеп лақтыру.</p> <p>Спорттық іс-шара: «Себетті толтыр»</p>			<p>Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Ән сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру.</p> <p>Ән тыңдау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова Ән айту: «Күз» Ғ.Абдрахманова</p> <p>Әуенді ырғақты қимыл- ойын: «Қолшатыр»</p>	
<p>Дәрумендер 2-апта 11.10-15.10</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1. Шағын топқа бөлініп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Қимылды ойын: «Дәрумендер жолындағы кедергілер»</p> <p>2. Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру. Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Қимылды ойын: «Дәрумендерді тап»</p> <p>3. Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жемістер жыры» (өлең) <i>Рза Қунақова</i> Мақсаты: Өлеңді тыңдай білуге, қайталап айтуға үйрету. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру.</p> <p>Ойын жаттығу: «Жемістерді ата»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Жемістер» Мақсаты: Үш бөліктен тұратын жемістердің суретін қағаздан кеңістікте дұрыс орналастыра отырып құрастыруға үйрету. (қиылған бөліктер) Дидактикалық ойын: «Дәмін тап»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Жемістер. Алма» Мақсаты: Балаларды жемістердің түрлерін атауға және алманың түсін, дәмін ажыратып айта білуге үйрету. Қимылды ойын: «Көкөністер мен жемістер»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Қызыл алма Мақсаты: Тұйықталған дөңгелек сызықты және түзу сызық жүргізу арқылы парақ бетіне бейнені орналастыруға үйрету. Үстел -үсті ойыны: «Үлкен - кіші»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Дәрумендер» Мақсаты: Табиғи дәрумендер туралы түсініктерін, көңілді әуенмен көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыру. Ән тыңдау: «Алтын күзде молшылық» А.Айтуова Ән айту: «Апорт деген тәтті алма» Әуенді –ырғақты қимыл- ойын: «Жемістер мен көкөністер»</p> <p>Апликация Тақырыбы: «Ыдыстағы көкөніс» Мақсаты: Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша</p>	<p>Ненің «жақсы» ненің «жаман» екенін ұғындыру</p>

				пішіндерді орналастыра білуге үйрету. Қимылды ойыны: «Қияр мен қызанақ жинау»	
<p>Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік</p> <p>3- апта 18.10-22.10</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1. Бірбағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль»</p> <p>2. Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Допты қағып алуға дағдыландыру. Қимылды ойын: «Қоңырауды сылдырлат»</p> <p>3. Отырып допты бір-біріне домалату. Белгі бойынша шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Жаңбыр мен күн»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Бағдаршам» Мақсаты: балаларды өлеңнің мазмұнын тыңдап, тәрбиеші айтқан дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Бағдаршамның түстері»</p>	<p>Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: «Сурет құрастыр» Мақсаты: екі бөлікті суреттерден заттың бейнесін құрастыруға үйрету. (үтік, тоқ көзі, бағдаршам) Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Абайла, балақай!» Мақсаты: балаларға көшедегі қауіпсіздік туралы түсінік беру. Дидактикалық ойын: «Көңілді бағдаршам»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Ұзын, қысқа жолдар» Мақсаты: оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру, қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қимылды ойын: «Жолдан өтейік»</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Біз тәртіпті баламыз» Мақсаты: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Машина» К.Қуатбаев Ән айту: «Бәріміз бірге» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Поезд» (К. Қуатбаев)</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Біз тәртіпті баламыз» Мақсаты: Музыканың тез және жай ырғағын қимылмен көрсету. Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Машина» К.Қуатбаев</p>	<p>Ойын барысында бір-бірін түсінуге үйрету.</p>

				<p>Ән айту: «Бәріміз бірге» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Поезд» (К. Қуатбаев)</p>	
<p>Күз сыйы 4-апта 25.10-29.10</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Бір бағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту. Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»</p> <p>2. Кілем бойымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту. Жіптің астынан еңбектеп өту (биіктігі 30-40 см) Қимылды ойын: «Сызықты баспай, көжекке жет»</p> <p>3. Қарқынды өзгерте жүру және жүруден жүгіруге ауысу. Қимылды ойын: «Қонжыққа қарай жүгірейік»</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» өлең. К.Ахметова Мақсаты: Тақпақтың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау. Үстел –үсті ойыны: «Алма, алмұртты көп жина»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Қонжық» Мақсаты: Сурет бөліктерін құрастыру, ойлау қабілетін арттыру.. Ойын : «Не жейді?»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Күзгі ағаштар» Мақсаты: балаларға күз мезгілі туралы түсінік беру. Күз мезгілінің ерекшеліктерін айту. Сөздік қорын молайту. Ойын: «Жапырақтарды жинау»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Күн» Мақсаты: Саусақтарды бояуға батырып , күннің суретін салуды үйрету. Ойын: «Күн мен түн»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Ән сөздерімен және буындарын толық айтуға талпындыру. Ән тыңдау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова Әнайту: «Күз» Ғ. Абдрахманова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қолшатыр»</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: «Қонжыққа арналған жидектер» Мақсаты: Бүлдіршіндерге кішкене домалақ заттарды мүсіндеуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Жидектер тереміз»</p>	

КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2021-2022 оқу жылы қараша айы

Өтпелі тақырып: « Менің отбасым»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже.

Міндеттері:-отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;

-денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып , балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;

-отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
<p>Ата-аналар еңбегі 1-апта 01.11-05.11</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Шеңбер бойымен бірқалыпты жүру. Белгі бойынша шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді отбасымыз»</p> <p>2. Кілем бойымен жүру. Допты кеуде тұсынан қос қолдап лақтыру. Қимылды ойын: «Доптарды жинаймыз»</p> <p>3. Доғалар астынан еңбектеп өту. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру. Қимылды ойын: «Маған еңбектеп жет» (тәрбиеші, апай, анасы)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Анама көмектесемін» (сурет бойынша әңгімелеу) Мақсаты: берілген сұрақтарға жауап бере отырып, көргендерін сипаттауға, сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Мен асханадамын»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Терезелі үй» Мақсаты: балаларды дайын үлгі бетіне сары түсті 2 түрлі көлемдегі шаршыларды орналастыра білуге үйрету. Үстел - үсті ойыны: «Үй құрастыр»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің бақшамдағы көкөністер мен жемістер» Мақсаты: бау-бақша өнімдерімен таныстыра отырып, ата-аналар еңбегін атау (Қияр, қызанақ, алма, алмұрт) Дидактикалық ойын: «Себетке жина»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Әжемнің жіптері (үш түсті бояумен) Мақсаты: тұйықталаған (ирек) сызықтарды жүргізу арқылы фломастерді немесе майлы қарындашты пайдалана отырып сурет салуға үйрету. Үстел-үсті ойыны: «Моншақты тізу»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Ата-ананы тыңдаймыз» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Үлкендердің қамқорлығын сезіну, іс-қимылына еліктеу Ән тыңдау: «Нешеуміз» А.Тоқсанбаев Ән айту: «Балақандар әні» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Анамызға көмек» муз: А.Айтуова</p>	<p>Өз отбасы мүшелерінің аттарын айта білуге үйрету</p>

				<p>Музыка Тақырыбы: «Ата-ананы тыңдаймыз» Мақсаты: Отбасы жылулығын музыка арқылы сезіндіру. Ән салу дағдыларын жетілдіру. Ән тыңдау: «Нешеуміз» А.Тоқсанбаев Ән айту: «Балақандар әні» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Анамызға көмек» муз: А.Айтуова</p>	
<p>Менің көшем 2-апта 08.11-12.11</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Кедергілер арасымен жүру. Отырып допты бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Көшедегі ағаштар» 2. Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Доғалар астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Допша секір» 3. Жүруден жүгіруге ауысу Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. Қимылды ойын: «Жолдағы</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене» мультфильмін көру. Мақсаты: балаларға әрбір істің жақсы, жаман жағы болатынын түсіндіру Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды!»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Екі жол» Мақсаты: балаларды құрылыс материалдарынан (текшелер) кеңістікте жалпақ және жіңішке жол жасауға үйрету. Үстел –үсті ойыны: «Машина жолы» Жаратылыстану Тақырыбы: «Шалғынды шөп» Мақсаты: Шөптердің түсін атап, ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Гүлдерді жинау»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы:«Көше шамдары» Мақсаты: қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту. Саусақ икемділіктерін арттыру. Ойын тапсырма: «Түстерді ата» Музыка Тақырыбы:«Біздің аула» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылығын арттыру. Би қимылдарында жұптаса билеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру Ән тыңдау: «Шулы дыбыс» муз.А.Айтуова Ән айту: «Біз-көңілді баламыз» Б.Жұмабекова Әуенді ырғақты –қимыл ойын: «Күн мен жаңбыр» Апликация Тақырыбы: «Ашық шамдар»</p>	<p>Ас ішкеннен кейін ризашылық сөздерін қолдануға үйрету.</p>

	таяқшалардан аттап өт»			Мақсаты: Қызыл, сары, көк түсті дөңгелек пішіндерді түзу сызық бойына желімсіз орналастыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Шамдарды орналастыр»	
Өзіңе және өзгелерге көмектес 3- апта 15.11-19.11	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Кегельдер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Қимылды ойын: «Біз біргеміз» 2. Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру. Доға астынан допты домалатып өту. Қимылды ойын: «Поезд» 3.30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру. Кедергі астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Маған көмектес»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты шомылдырайық » Мақсаты: Балаларды қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Киімнің сәйкесін тап»	Сенсорика Тақырыбы: «Қорапшаларға орналастыр» Мақсаты: 2 әр түрлі пішінді (тік төртбұрыш, үш бұрыш) және екі әр түрлі көлемді заттарды таңдауға және топтастыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Пішіндерді жинастыр» Жаратылыстану Тақырыбы: «Өсімдіктерге күтім жасау» Мақсаты: Өсімдіктерге күтім жасауға баулу, тәрбиешінің суару тәсіліне назар аудару. Дидактикалық ойын: «Гүлді құрастыр»	Сурет салу Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты: Фломастер, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету. Дидактикалық ойын: «Торғайды тамақтандыр» Музыка Тақырыбы: «Қолғанат бола аламыз» Мақсаты: Өз-өзіне қызмет етуге, ұжымдық әрекетке баулу. Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Мен кішкентай баламын» Д.Омаров Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Саусақ жаттығуы» З.Аитова (Үш тілдегі әндер» жинағынан) Музыка Тақырыбы: «Қолғанат бола аламыз» Мақсаты: Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.	Өз киімдерін шешуге дағдыландыру.

				<p>Ән тыңдау: «Мен кішкентай баламын» Д.Омаров Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Саусақ жаттығуы» З.Аитова (Үш тілдегі әндер» жинағынан)</p>	
<p>Біз күштіміз, ептіміз 4-апта 22.11-26.11</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру. Қимылды ойын: «Жалаушаға дейін жет» 2. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Қимылды ойын: «Сызықты басып кетпе» 3. Шеңберден шеңберге аттау. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Спорттық іс-шара: «Біз күштіміз, ептіміз»</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Саусақ театры арқылы сахналау. Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын қызығушылықтарын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Үй және қақпа» Мақсаты: Балаларды құрылыс блоктарымен үй жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыра алуға дағдыландыру. Ойын жаттығу: «Түсін ата» Жаратылыстану Тақырыбы: «Табиғаттағы еңбек» Мақсаты: Ауладағы ересектердің еңбегіне қызығушылықтарын дамыту. (Суреттер арқылы) Дидактикалық ойын: «Кім, не істеді?»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: « Күн сәулесі»(дөңгелек үлгісі) Мақсаты: Қарындашпен түзу сызықтар арқылы күн сәулесін салу әдісін үйрету. Үстел-үсті ойыны: «Сәулелерді орналастыр» Музыка Тақырыбы: «Біз күштіміз, ептіміз» Мақсаты: Музыка сүйемелдеуімен ырғаққа сәйкес нақты қимылдар жасау. Ән тыңдау: «Біз-кішкентай бишіміз» Б.Жұмабекова Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев «Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кім жылдам?» қимылды ойын Мүсіндеу Тақырыбы: «Доптар» Мақсаты: Ермексазды домалақтау әдісі арқылы доп жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Күшті доптар»</p>	<p>Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін арттыру.</p>

КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2021-2022 оқу жылы, желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
<p>Жайнай бер, Қазақстаным! 1-апта 29.11-03.12</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Ұзындығы 2,5-2м, ені 20 см тақтай бойымен жүру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіру. Қимылды ойын: «Арқан тарту»</p> <p>2. Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы себетке допты дәлдеп лақтыру. Қимылды ойын: «Ұшақтар»</p> <p>3. Шығыршықтың (обруч) ішіне қос аяқпен секіру. Кедергілер арасынан жүгіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жеті лақ» ертегісі. Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнын түсінуге қалыптастыру. Берілген сұрақтарды түсініп, жауап беруге дағдыландыру. Саусақ театры «Төлін тап»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Мұнара» Мақсаты: Үш түсті (текшелер, конустар, цилиндрлер) бөліктері біртіндеп кемитін, бір өлшемді шарлар мен текшелерден мұнаралар құрастыру Дидактикалық ойын: «Түстерін ата»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: « Үй жануарлары мен оның төлдерін тану» Мақсаты: Қазақстан Республикасы туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру. (рәміздер мен таныстыру) Үстел-үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы:«Мұржадан түтін будақтайды» Мақсаты: Қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Суретті құрастыр(қыс мезгілі)» Музыка Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Ән тыңдау: «Туған жер» К.Дүйсекеев Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Ұлпақарлар биі» Музыка Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін»</p>	<p>Таза ауаға бір-бірімен қол ұстасып шығуға үйрету.</p>

	Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр»			Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Эмоциясын көрсете білуін қалыптастыру. Ән тыңдау: «Туған жер» К.Дүйсекеев Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Ұлпақарлар биі»	
Туған өлкем 2 - апта 06.12-10.12	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Еденде ирелеңдеп жатқан жіптің үстімен жүру. Сызықтардың, жіптердің арасымен жүгіру. Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер» 2. Кілемнің бойымен жүріп келіп, бір орында баяу айналу. Қимылды ойын: «Қуыршақпен бірге айналайық» 3. Жүруден жүгіруге ауысу. Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жасыл шырша» (өлең) <i>Есентай Ерботин</i> Мақсаты: Шырша туралы өлеңді оқу, өлең мазмұнымен түсінуге үйрету. Сөздік қорын дамыту. Дидактикалық ойын: «Шыршаны безендіреміз»	Құрастыру Тақырыбы: «Көпір» Мақсаты: Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып, жасауға үйрету. Ойын жаттығуы: «Көпір жасайық» Жаратылыстану Тақырыбы: «Жасыл шырша» Мақсаты: Табиғаттағы өсімдіктерге сүйіспеншілікпен қарай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Шыршаны құратыр»	Сурет салу Тақырыбы: «Шыршаны боя» Мақсаты: Суретті бояу арқылы саусақтарының икемділіктерін арттыру Үстел-үсті ойыны: «Шыршаны құрастыр» Музыка Тақырыбы: «Менің қалам» Мақсаты: Туған қалаға сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Қаланың қысқы көрінісін сипаттау. Ересектермен бірге ән салуға дағдыларын жетілдіру. Ән тыңдау: «Менің қалам-Қызылорда» А.Еспенбетова Ән айту: «Аяз ата» Т.Әбдіқадіров Әуенді-ырғақты қимыл-ойын «Қар жинаймыз» Апликация Тақырыбы: «Менің үйім» Мақсаты: Балаларға пішіндерден (үшбұрыш, төртбұрыш) геометриялық	Бірігіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.

				пішіндер арқылы үй құрастыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Қонжыққа үй жасайық»	
Астана-Отанымыздың жүрегі 3- апта 13.12-17.12	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Допты себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Дәл түсір» 2. Төрттағандап тақтайдың үстімен жүріп, бірнеше кедергіден (лента, текше) өту. Қимылды ойын: «Сызықтың бойымен жүр» 3. Шеңберден шеңберге аттау. Допты қағып алу. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Астана» (өлеңін жаттау) <i>Ермек Өтетілеуов.</i> Мақсаты: Балаларды өлең жолдарын тыңдап, бірнеше қайталату арқылы қысқа тақпақты жаттап айтуға үйрету. Үстел-үсті ойыны: «Бәйтеректі құрастыр»	Сенсорика Тақырыбы: «Дүкендегі ойыншықтар» Мақсаты: Балаларды «мұнда», «анда» деген белгілер бойынша ойыншықтарды кеңістікке орналастыра білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Орнын тап» Жаратылыстану Тақырыбы: «Жабайы аңдар» Мақсаты: Видеоролик арқылы Қазақстанның жабайы аңдарымен таныстыру (ақ аю, қоян, түлкі, қасқыр) Ойын жаттығу: «Мекенін тап»	Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік от шашу» Мақсаты: Түрлі-түсті бояуларды пайдалана отырып, сурет салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Дидактикалық ойын: «Түстерді ата» Музыка Тақырыбы: «Астана-бас қала» Мақсаты: Астана қаласы туралы әңгімелеу. Шеңбермен айнала жүру дағдыларын көрсету. Ән тыңдау: «Менің Отаным» Б.Ғизатов Ән айту: «Аяз ата» Т.Әбдіқадіров Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Қар жинаймыз» ойыны Музыка Тақырыбы: «Астана-бас қала» Мақсаты: Астана қаласы туралы әңгімелеу. Шеңбермен айнала жүру дағдыларын көрсету. Ән тыңдау: «Менің Отаным» Б.Ғизатов Ән айту: «Шырша жыры» Б. Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын:	Өздеріне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.
				«Қонжықтар» биі	

<p>Тәуелсіз Қазақстан</p> <p>4-апта 20.12-24.12</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1. Шеңбер бойымен жүру. 30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру. Жәй қимылды ойын: «Ұшты, ұшты»</p> <p>2. Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Жалаушаға тез жет»</p> <p>3. Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу Қимылды ойын: «Аңшылар мен қояндар»</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Менің Қазақстаным»</p> <p>Мақсаты: Балаларды ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. Үстел-үсті ойыны: «Суретті құрастыр» (Бәйтерек)</p>	<p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Бәйтерек»</p> <p>Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға үйрету, олардың түсін, пішінін, көлемін ажырта алуға дағдыландыру. : «Мұнара қала»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан»</p> <p>Мақсаты: Еліміздің рәміздерімен таныстыру, ой-өрісін кеңейту. Дидактикалық ойын: «Бәйтеректі құрастыру»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Шуақты күн (дөңгелек үлгісі)</p> <p>Мақсаты: Фломастермен түзу сызықтар арқылы күн сәулесін салу әдісін дамыту. Дидактикалық ойын: «Күн шуағы»</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Қазақстан-елімнің аты»</p> <p>Мақсаты: Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қарапайым би қимылдарында жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу Ән тыңдау: «Отаным» К.Қуатбаев Ән айту: «Шырша жыры» Б. Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын «Қонжықтар» биі</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы: «Пирамида»</p> <p>Мақсаты: Балаларға ермексазды шымшып үзіп алу және домалақ жұмыр мүсіндер жасауға үйрету. Шар пішініне келтірген соң алақан арасына салып сопақша етіп есу. Үстел-үсті ойыны: «Пирамида жасаймыз»</p>	<p>Еліміздің рәміздері-мен таныстыру, оларды атауға үйрету.</p>
---	---	--	--	---	---

КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2021-2022 оқу жылы қантар айы

Өтпелі тақырып: «Алақай қыс келді»

Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Қыс мезгілінің құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

-дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы балаларды ой өрісін дамыту;

-қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;

-эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
<p style="text-align: center;">Қыс қызықтары 1-апта 03.01-07.01</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Бір қалыпты жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»</p> <p>2. Бір қалыпты жүгіру. Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Себетке жина»</p> <p>3. Тура жолмен нысанаға дейін еңбектеу. Тура жолақпен жүру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Айналаның бәрі аппақ» (Суретпен жұмыс) Мақсаты: Қыс мезгілі туралы түсінік бере отырып, балалардың сөздік қорын молайту. Табиғаттың әсемдігін айта білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Аққала»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Ғажайып қыс» Мақсаты: Балаларға қыс туралы түсінік беру. Пішіндерді өлшемі бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды үйрету. Қимылды ойын: «Қар жинау»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қысқы ағаштар» Мақсаты: Ағаштарды ажыратып, атай білуді қалыптастыру, өсімдік бөліктерімен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Бөліктерін ата»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Шыршаның шамдары Мақсаты: Таяқшаға оралған мақтамен сурет салуға үйрету. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу. Ойын жаттығу: «Шыршаны безендір»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілетін қалыптастыру. Қатты және жай динамикада ән салып үйрену. Ән тыңдау: «Арша» Б.Дәлденбаев Ән айту: «Шыршамызға арнаймыз» Е.Тиличеева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Шыршамызды безендірейік»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту</p>	<p>Қоршаған ортаны тани білуге, оларға күтім жасауға үйрету.</p>

				<p>қабілетін қалыптастыру. Қатты және жай динамикада ән салып үйрену.</p> <p>Ән тындау: «Арша» Б.Дәлденбаев Ән айту: «Шыршамызға арнаймыз» Е.Тиличиева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Шыршамызды безендірейік»</p>	
<p>Жануарлар әлемі</p> <p>2-апта 10.01-14.01</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1.Берілген бағыт бойынша аяқтың ұшымен жүру. Алаңда шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Түлкіні ұстап алайық»</p> <p>2.Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру. Кедергілер арасымен нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Ақ қоян»</p> <p>3.Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. Тақтайдың үстімен жүріп, қолды алға қарай созып секіру. Қимылды ойын: «Қарды нысанаға лақтыру»</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі) Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінуге және кейіпкерлерді атай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Төлін тап»</p>	<p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Қонжық» Мақсаты: Илеу, жырту, жұмарланған қағаздардан құрастыру. (қағаздар) Ойын: «Аңдарға көмек»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Үй жануарлары және оның төлдері» Мақсаты: Үй жануарлары мен оның төлдерімен таныстыру. Атауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Қардағы іздер Мақсаты: Парақ бетіне бояу жағу арқылы дақ түсіруге үйрету. Қимылды ойын: «Мені қайтала»</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы:«Жануарлар әлемінде» Мақсаты: Әндегі жеке сөздерді дауысты жылдамдатпай айтуды қалыптастыру. Ән-би мазмұнын қимылмен жеткізу. Ән тындау: «Төлдер» Б.Ғизатов Ән айту: «Төлдерді шақыру» Д.Ботбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Не қалай дыбыстайды?»</p> <p>Апликация</p> <p>Тақырыбы: «Қонжық» Мақсаты: Қонжықты таныстыру.Геометриялық пішінінен құрастыруды үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерін жетілдіру.Дидактикалық ойын: «Ненің дауысы?»</p>	<p>Балаларды жануарларға деген сүйіспеншілікке баулу.</p>

<p>Құстар-біздің досымыз</p> <p>3- апта 17.01-21.01</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру. Доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Торғайлар мен машина»</p> <p>2. Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру. 20 см арақашықтықта орналасқан кедергілерден аттап өту. Қимылды ойын: «Жалаушаға дейін жет»</p> <p>3. Орнынан ұзындыққа секіру.(20-25 см) Бір және екі қолымен допты еденге ұру. Қимылды ойын: «Допты домалат»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ағаштағы құстар» Мақсаты: Балаларға құстар туралы түсініктерін кеңейту олардың іс-әрекеттерін атай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Құсты ағашқа орналастыр»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Тауық және оның балапандары» Мақсаты: Түсі әр түрлі заттарды көлемі бойынша орналастыру және түстерін атай білуге үйрету. Үстел-үсті ойыны: «Жұмыртқа жару»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыста құстарға қамқорлық жасайық» Мақсаты: Балаларды қыстайтын құстармен таныстыру: торғай, сауысқан, қарға, шымшық, көгершін: олардың тіршілігіндегі ерекшеліктермен таныстыру. Қимылды ойын: «Құстарға жем шашайық»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Құстар сайрайды Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай отырып үзік сызықтарды салу дағдыларын бекіту Дидактикалық ойын: «Ненің дауысы?»</p> <p>Музыка Тақырыбы:«Құстар-біздің досымыз» Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру Ән тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым Ән айту: «Кішкене торғай» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимылды ойын:«Шөжелерім» Азербайжан халық әні</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Құстар-біздің досымыз» Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру Ән тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимылды ойын:«Шөжелерім» Азербайжан халық әні</p>	<p>Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>
	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Еңіс тақтайдың үстімен тепе-</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс» (өлен)</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Жапалақтап қар жауды</p>	<p>Өздеріне қызмет көрсету дағдыларын дамыту.</p>

<p>Ғажайып қыс 4-апта 24.01-28.01</p>	<p>теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде). Допты екі қолмен төменнен лақтыру. Қимылды ойын: «Қарды домалат»</p> <p>2. Белгі бойынша шашырап жүгіру. Арқанның астымен еңбектеу. Қимылды ойын: «Аққалаға дейін еңбекте»</p> <p>3. Түзу бағытта заттарды аттап өту. Допты жоғары лақтыру. Спорттық іс-шара: «Шынықсаң шымыр боласың!»</p>	<p>Мақсаты: Өлең жолдарына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: <i>қалтырайды, ағарады, қар, қыс, үлбіреген, аққала</i> сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын молайту. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта»</p>	<p>Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасауда умаждау әдісін жетілдіру, қағаздарды умаждау арқылы, домалақ пішінге келтіруге үйрету. Дидактикалық ойын: «Шыршаны безендіреміз»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қысқы табиғат» Мақсаты: Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Қысқы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту . Дидактикалық ойын: «»</p>	<p>Мақсаты: Қағазға саусақ арқылы қардың суретін салуға үйрету. Балалардың саусақ бұлшық еттерін дамыту. Қимылды ойын: «Қар жинаймыз»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Қыс» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту Ән тындау: «Ақша қар» К.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Аққаланы құрастыр»</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: «Шыршаның ойыншықтары» Мақсаты: Балаларды мүсіндеудің домалақтау әдісін үйрете отырып, ойыншықтар жасауға үйрету. Ойын: «Түстерін ата»</p>	
---	---	--	--	--	--

КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2021-2022 оқу жылы ақпан айы

Өтпелі тақырып: «БІЗДІ ҚОРШАҒАН ӘЛЕМ»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
<p style="text-align: center;">Ғажайыптар әлемі</p> <p style="text-align: center;">1-апта 31.01-04.02</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Таяқшалардан аттап жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру. Қимылды ойын: «Доптарды себетке жинау»</p> <p>2.Орнынан ұзындыққа секіру(25-30 см) Шеңберден шеңберге аттау. Қимылды ойын: «Қоянша секір»</p> <p>3.Қарлы төмпешікке өрмелеу. (ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қыс» өлеңі: Сакен Сабина Мақсаты:Балаларды қыс қызығын тамашалай білуге, табиғат көрінісін сипаттап айтуға үйрету, сөздік қорын молайту. Дидактикалық ойын:«Шырша құрастыр»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Ғажайып күн шуағы» Мақсаты: Дайын үлгідегі дөңгелек пішіннің ішіне, көлеміне, түсіне сәйкес келетін пішіндерді орналастыру. Үстел-үсті ойыны: «Сәйкесін тап»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: « Ғажайып қыс» Мақсаты: Өлі табиғат құбылысы қармен таныстыра отырып, қардың жұмсақ, түсі ақ, мұздай, ериді деген негізгі қасиеттерін айта білуге үйрету.. Дидактикалық ойын: «Аққала құрастыр»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Ақ ұлпа қарлар Мақсаты: Бояуды парақ бетіне сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету. Қимылды ойын: «Қар жинау»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Ғажайып сәт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт сыйлау. Әуенге әсерлену. Ән тыңдау: «Ертегі» Б.Жұмабекова Ән айту: «Шар» Б.Дәлденбаев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күлдіргішпен билейміз»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Ғажайып сәт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт сыйлау.</p>	<p>Айналадағы болып жатқан маусымдық өзгерістерді бақылауға үйрету.</p>

	Қимылды ойын: «Мені қуып жет»			Әуенге әсерлену. Әнді жеке және топпен айтуға машықтандыру. Ән тыңдау: «Ертегі» Б.Жұмабекова Ән айту: «Шар» Б.Дәлденбаев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күлдіргішпен билейміз»	
Көліктер 2-апта 07.02-11.02	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Қимылды ойын: «Торғайлар мен машина» 2.Жол бойымен еңбектеу. Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру. Қимылды ойын: «Паровоз» 3.Гимнастикалық орындық үстінде бір орында баяу айналу. Допты қос қолдап , кеудеден жоғары алға қарай лақтыру Қимылды ойын: «Кім жылдам?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Поезд» (өлеңі) Мақсаты: Өлеңді мұқият тыңдауға, мазмұнын түсінуге үйрету, балалардың поезд дыбысына еліктеп у- дыбысын созып, қимыл әрекеттерін жасап, айтуға үйрету. Қимылды ойын: «Поезд»	Құрастыру Тақырыбы: «Трамвай» Мақсаты: Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жасауға үйрету. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Суреттің сыңарын тап» Жаратылыстану Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Балаларға көліктер туралы білім беру, автобус көлігімен таныстыру. Үстел –үсті ойыны: «Гараж»	Сурет салу Тақырыбы: Машинаның дөңгелектері Мақсаты: Дәстүрден тыс тәсілді (тығын) қолдана отырып машина дөңгелегінің суретін салуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Вагондардың дөңгелектерін орналастыру» Музыка Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсен» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Поезд келеді» (Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Асыл ана» А.Еспенбетова Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан) Апликация Тақырыбы: «Менің көлігім» Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру, дайын пішіндерден жеңіл машина құрастыруды үйрету. Ойын : «Машинаның дөңгелегін тап»	Қоғамдық көлік тердегі әдептілік.

<p>Электроника әлемі 3- апта 14.02-18.02</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1.Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.</p> <p>Ойын-жаттығу: «Көреміз, қайталаймыз» (Экраннан көрсету және оны қайталау)</p> <p>2.Түзу және ирек жолдармен жүру. Тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру.</p> <p>Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер»</p> <p>3.Шеңберден шеңберге аттау. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу.</p> <p>Қимылды ойын: «Текшеден аттап өт»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Телефон» (өлең) <i>Корней Чуковский</i></p> <p>Мақсаты: Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеуін дамыту. Электроника туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Телефон»</p>	<p>Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: «Ақылды Айша»</p> <p>Мақсаты: Түрлі заттарды: түсі, пішіні, көлемі бойынша сенсорлық қасиеттерін айтуға үйрету.</p> <p>Электронды дамытушы ойын: «Әдемі пішіндер»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Тап және ата»</p> <p>Мақсаты: Балалардың үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін- қарапайым пішінін, көлемін танып атауға үйрету.</p> <p>Үстел-үсті ойыны: «Тап және ата»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Түрлі түсті сақиналар</p> <p>Мақсаты: Қылқаламмен дөңгелек пішін салуға үйрету. Бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Экраннан үлкен кіші сақиналарды көрсет»</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Ғажайыптар әлемі»</p> <p>Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, оларға тән ерекшеліктерді тани білуге қалыптастыру.</p> <p>Ән тыңдау: «Фиксики» (мультфильм әуені) Ән айту: «Асыл ана» А.Еспенбетова</p> <p>Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан)</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы:«Ғажайыптар әлемі»</p> <p>Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, оларға тән ерекшеліктерді тани білуге қалыптастыру.</p> <p>Ән тыңдау: «Фиксики» (мультфильм әуені) Ән айту: «Көп жаса анашым» Қ.Қайым</p> <p>Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан)</p>	<p>Заттарды күтіп ұстауға үйрету.</p>
	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p>	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Машина»</p>	<p>Сурет салу</p>	<p>Үлкен дердің еңбегін</p>

<p>Мамандықтың бәрі жақсы</p> <p>4-апта 21.02-25.02</p>	<p>1.Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру. Доға астынан допты домалатып өту. Қимылды ойын: «Автомобиль мен торғайлар»</p> <p>2.Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Допты домалат»</p> <p>3.Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсіру. Кедергілерден аттап жүру. Қимылды ойын: «Қояндар мен қонжықтар»</p>	<p>Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі мультфильмін көрсету) Мақсаты: Балаларды мейрімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптандыруды жалғастыру. Сюжеттік – рөлдік ойын: «Дәрігер»</p>	<p>Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға олардың түсін пішінін көлемін ажыратуға үйрету. Қимылды ойын: «Жүргізуші»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Дәрігер» Мақсаты: Балаларға дәрігер мамандығының не үшін қажет екендігін түсіндіру. Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»</p>	<p>Тақырыбы: Адамның бейнесін салу Мақсаты: Балаларды құм бетіне дөңгелек, үшбұрыш пішіндерді саусақпен салуды және өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Мынау не?»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Мамандық түрлері, қажеттілігі туралы әңгімелеу. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасау. Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» Е.Өміров Ән айту: «Көп жаса анашым» Қ.Қайым Әуенді –ырғақты қимылды ойын: «Көңілді ырғақ» биі. (Итальян полькасы)</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: Екі бөлік ермексаз кесектерін алақан арасында дөңгелектеу. Екінші бөлігін төртбұрыш, үшбұрыш бөлуге үйрету. Қимылды ойын: «Ұшақтар»</p>	<p>бағалауға үйрету</p>
---	---	--	--	---	-------------------------

КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
2021-2022 оқу жылы наурыз айы
Өтпелі тақырып: «САЛТТАР МЕН ФОЛЬКЛОР»

Мақсаты: Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- ұлттық мерекелер туралы туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
- шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет - 0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
<p style="text-align: center;">Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері</p> <p style="text-align: center;">1-апта 28.02-04.03</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Арқан тарту»</p> <p>2. Орнынан ұзындыққа секіру (30-35см). Текшелерге шығу, қолын жоғары көтеру және түсу. Музыкалық жаттығу «Қошақанмен биле»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Киім дүкені» Мақсаты: Балаларды ұлттық киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қуыршақ Айгерімді киіндіру»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Сақинаны ал» Мақсаты: Балаларда заттық – жабдықтық әрекетті қалыптастыру: таяқтың көмегімен түрлі –түсті сақиналарды өзіне қарай жылжыту. Қимылды ойын: «Кел, сақинам кел»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Қуыршақ Айару» Мақсаты: Ұлттық киім ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларды әңгімелеуге үйрету.</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Орамалды безендіру Мақсаты: Қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, Орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету. Балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Әдемі пішіндер»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері» Мақсаты: Әндегі қайталанатын тіркестерді, ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Ән тындау: «Тұсау кесу» Халық әні Ән айту: «Ақ әжем» К.Қуатбаев</p>	<p>Үлкендердің сөзін тындау ға үйрету.</p>

	<p>3. Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру. Допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату.</p> <p>Қимылды ойын: «Асықты жина»</p>		<p>Дидактикалық ойын: «Қонаққа дайындық»</p>	<p>Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Шабандоздар» биі.</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері» Мақсаты: Әндегі қайталанатын тіркестерді, ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Биге икемділіктерін жетілдіру. Ән тыңдау: «Тұсау кесу» Халық әні Ән айту: «Ақ әжем» К.Қуатбаев Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Шабандоздар» биі.</p>	
<p>Ертегілер елінде. Театр әлемі</p> <p>2-апта 07.03-11.03</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1. Бір және екі қолмен еденге ұру. Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Қимылды ойын: «Машаны қуып жет»</p> <p>2. Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру. 30-40 секунд бойына үзіліссіз жүгіру.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лак» (<i>ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау</i>) Мақсаты: Балаларды ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Құс» Мақсаты: Жұмарлау, жырту, умаждалған және жыртылған қағаздардан құрастыру. (қағаздар) Дидактикалық ойын: «Не қайда тұрады?»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Төлдер айтысы» (<i>Ертегіні</i></p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Қуыршақтың көйлегін безендіреміз» Мақсаты: Саусақ арқылы көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен-кіші) безендіруге үйрету. Негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Дидактикалық ойын: «Қуыршақ қонаққа дайындалуда»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Наурыз тойын тойлаймыз!» Мақсаты: Музыкамен иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу. Ән тыңдау: «Наурыз келді алақай! А.Еспенбетова</p>	<p>Ертегі кейіпкерлерінің мінез –құлқын тануға үйрету.</p>

	<p>Қимылды ойын: «Бауырсақпен бірге аттайық»</p> <p>3.Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру. Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру (10-15см). Қимылды ойын: «Кім жылдам?»</p>		<p><i>үстел-үсті театрында сахналау)</i> Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін талдау, әңгімелеу. Дидактикалық ойын: «Төлін тап»</p>	<p>Ән айту «Наурыз келді, алақай!» Б. Жұмабекова Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Қамажай» (Халық әні)</p> <p>Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: кеңістік бетіндегі түзу сызықтың үстіне дөңгелек пішінді дұрыс орналастыруға үйрету Дидактикалық ойын: «Сәйкесінше орналастыр»</p>	
<p>Өнер көзі халықта</p> <p>3- апта 14.03-18.03</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық»</p> <p>2.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. Музыкалық - қимылды ойын: «Қамшы алу»</p> <p>Таяқшадан қос аяқтап секіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Киіз үйдегі ыдыстар» Мақсаты: Балаларға ұлттық ыдыстар мен тағамдардың аттарын үйрету. Ыдыс-аяқтар, тағамдар атауларын сөз таптарында қолдануға үйрету. Дидактикалық ойын: «Түстерине сәйкес ыдыстарды жинақтау»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Құмыралар» Мақсаты: Аз, көп, артық, кем, сонша ұғымдарымен салыстыру. Көлемін анықтауға, зерттеуге үйрету. Қимылды ойын: «Сандыққа жина»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің асықтарым» Мақсаты: Асықтар және оның түрлерімен, түстерімен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Ұяшықтарға орналастыр»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» Мақсаты: Балаларды түрлі-түсті фломастермен жіп орамының суретін салуға фломастерді қатты қыспай қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап қолды үзбей дөңгелетіп салуға үйрету. Ойын жаттығу: «Түстерине қарай жіптерді ора»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Өнер көзі-халықта!» Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып, қол қимылдарын: «шапалақ-шапалақ», аяқ қимылдарын: «топ-топ» жасау дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Кел, билейік!» Б.Байқадамов</p>	<p>Балалардың өздеріне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Қолды дұрыс жууға үйрету.</p>

	<p>3. Доғаның астымен допты домалатып еңбектеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Кім жылдам?»</p>			<p>Ән айту «Наурыз келді, алақай!» Б. Жұмабекова Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Қамажай» (Халық әні)</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Өнер көзі-халықта» Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып, қол қимылдарын: «шапалақ-шапалақ», аяқ қимылдарын: «топ-топ» жасау дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Соқ, барабан» (Үнтаспада барабан үні.) Ән айту: Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Киіз үйлер құрамыз»</p>	
<p>Нұр төккен, гүл көктем</p> <p>4-апта 24.03-01.04</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. Қимылды ойын: «Секіргіш көжектер»</p> <p>2. Таяқшалардан қос аяқпен секіру. Қабырғадағы гимнастикалық баспалдаққа өрмелеу.</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Наурыз мейрамы» (сурет бойынша әңгімелесу) Мақсаты: Әңгіменің мазмұнын ұғынуға көмектесу, <i>мейрам, наурыз</i> және тағы да басқа жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру. Үстел-үсті ойыны: «Қоржынға жина»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Бақбақтар» Мақсаты: Жұмарлау, жырту, умаждалған және жыртылған қағаздардан құрастыру. (қағаздар) Дидактикалық ойын: «Бақбақтар жинау»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктем келді» Мақсаты: Көктем мезгілімен,</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Көктемгі ағаштар» Мақсаты: Қылқаламмен дайын үлгідегі суретке сүйкей отырып жапырақтар салуға үйрету. Ойын жаттығу: «Ағаштардағы бүршіктерді орналастыр»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Көктем күні тамаша!» Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Ән тыңдау: «Көктем» А.Еспенбетова Ән айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен жаңбыр»</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: «Сәбіз»</p>	<p>Айналасындағылармен қарым-қатынас жасауға үйрету</p>

	<p>Қимылды ойын: «Теңге алу»</p> <p>3.Бір тізбекпен жүру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру.</p> <p>Спорттық іс-шара: «Арқан тарту»</p>		<p>табиғаттағы маусымдық өзгерістермен, балабақшаның ауласында өсетін ағаштар мен бұталарды таныстыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Ағаштағы жапырақтар»</p>	<p>Мақсаты: Балаларға ермексаз бөлшектерін алақандарына салып есу әдісі арқылы, бейне жасауға үйрету</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қоянды тамақтандыр»</p>	
--	--	--	---	---	--

КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2021 – 2022 оқу жылы сәуір айы

Өтпелі тақырып: «БІЗ ЕҢБЕКҚОР БАЛАМЫЗ»

Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Олардың сөйлеуін, зейінін және қиялын дамытуға ықпал жасау.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдыларын жетілдіру;
- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;
- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
<p style="text-align: center;">Аялайық гүлдерді</p> <p style="text-align: center;">1-апта 04.04-08.04</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Орнынан ұзындыққа секіру. (35-40см). Текшелерден аттап өту. Қимылды ойын: «Гүлдерді жинайық»</p> <p>2.Ирелендеген баудың бойымен еркін жүру. Нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Гүлдерді теру»</p> <p>3.Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бақ-бақ гүлін қарау» Мақсаты: Балаларды өсімдіктерді күтуде еңбек әрекеттерін білдіретін сөздерді қолдана білуге үйрету. Өсімдіктерді аялап күтуге тәрбиелеу. Үстел-үсті ойыны: «Гүлді құрастыр» (Дьенеш блоктары)</p>	<p style="text-align: center;">Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі – түсті гүлдер» Мақсаты: Фланелеграфта түрлі-түсті гүлдерді орналастыру барысында «жоғары - төмен», «үстінде-астында» кеңістіктік ұғымдарын үйрете отырып жұмыс жасауға дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Алаңқайды гүлдендір»</p> <p style="text-align: center;">Жаратылыстану Тақырыбы: «Кіп-кішкентай алқызыл гүл» Мақсаты: Гүлдерді ажыратып, атай білуді қалыптастыру, ауладағы гүлдер мен</p>	<p style="text-align: center;">Сурет салу Тақырыбы: Егістіктегі бақбақтар Мақсаты: Жасыл түсті қағаз бетіне ақ түсті бояумен, мақталы таяқшаны қолдана отырып сурет салуға үйрету. Ойын тапсырма: «Бақбақ гүлі» Музыка Тақырыбы: «Қызыл, сары көп гүлдер» Мақсаты: Ән-әуенге әсерлену. Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге, ырғақты сезіне білуге үйрету. Ән тыңдау: «Гүлдер» әні Ән айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Гүлдермен билейміз»</p> <p style="text-align: center;">Музыка Тақырыбы: «Қызыл, сары көп гүлдер» Мақсаты: Ән-әуенге әсерлену. Әуеннің ырғағына сай жай басып</p>	<p>Балаларды таза ауадағы серуен кезінде бірігіп ойнауға үйрету.</p>

	Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде»		шөптердің түстерін атау. (ауладағы және бөлмедегі гүлдейтін өсімдіктер), Дидактикалық ойын: «Не істеу керек?»	жүруге, жүгіруге, ырғақты сезіне білуге үйрету. Ән салу дағдыларын жетілдіру. Ән тыңдау: «Гүлдер» әні Ән айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Гүлдермен билейміз»	
Ас атасы-нан 2-апта 11.04-15.04	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу. Қимылды ойын: «Жолдан шықпа» 2.Шеңберден шеңберге секіру. Қабырғадағы гимнастикалық баспалдаққа өрмелеу. Қимылды ойын: «Төбешікке мініміз» 3.Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру.	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ» (<i>орыс халық ертегісі, ертегінің жаңа нұсқасын көрсету</i>) Мақсаты: Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Ойын тапсырма: «Бауырсақтың жолы»	Құрастыру Тақырыбы: «Ыстық тоқаш» Мақсаты: Жұмарлау, жырту, умажалған және жыртылған қағаздардан құрастыру. (қағаздар) Дидактикалық ойын: «Нан түрлерін ата» Жаратылыстану Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Балаларды нанның қасиетімен таныстырып, нанның қиқымын тастамай, оны қастерлей білуге баулу. Дидактикалық ойын: «Дәмін тап»	Сурет салу Тақырыбы: Дастархандағы бауырсақ Мақсаты: (<i>Дәстүрден тыс</i>) Қақпақтармен батыру әдісі арқылы сурет салуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Тәрелкеге бауырсақтарды жина» Музыка Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Әуен ырғағын тыңдап, еркін қимылдауын қадағалайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдау. Ән тыңдау: «Ас атасы-нан» Б.Жұмабекова Ән айту: «Бауырсақтың әні» (Бауырсақ ертегісінен) Әуенді- ырғақты қимыл- ойын: «Қуып жет!» Апликация Тақырыбы: «Жүк машинасы» Мақсаты: Егістік көлік түрлерімен таныстыру, дайын пішіндерді қолдана отырып, композиция жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Машинаның дөңгелегін таңда»	Балалардың өзін- өзі ұстауға үйрету
	Қимылды ойын: «Астық жинаймыз»				

<p>Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі</p> <p>3- апта 18.04-22.04</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1.Беренелерден аттап өту. Допты бір-біріне еңкейіп тұрып домалату. Қимылды ойын: «Ұсталған көбелектер»</p> <p>2. Белгі бойынша тоқтап, жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен, қолды белге қойып жүріп өту. Қимылды ойын: «Аралар»</p> <p>3. Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелендеп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен, қолды белге қойып жүріп өту. Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Тақырыбы: «Жәндіктер: құмырсқалар, көбелектер, аралар»</p> <p>Мақсаты: Кітапшалардағы суреттерге қарау, олардың мазмұны бойынша балаларға сұрақтар қойып, 3-5 сөзден тұратын сөз тіркестері арқылы жауаптар құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Көлеңкесіне сәйкес орналастыр»</p>	<p>Сенсорика</p> <p>Тақырыбы: «Әдемі көбелектер»</p> <p>Мақсаты: Көбелектерді түстеріне және көлеміне сәйкес іріктеу. Негізгі түстер жайлы білімдерін бекіту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Көбелектер қонады»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Жәндіктер»</p> <p>Мақсаты: Балаларды жәндіктермен, олардың өзіне тән белгілерімен таныстыру (көбелек, қоңыз).</p> <p>Үстел-үсті ойыны: «Қиынды суреттерді құрастыр»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: Шөптегі қанқыз (үлгідегі қанқыз)</p> <p>Мақсаты: Балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйретуді жалғастыру. Шөпті бейнелегенде оның толық бетті қамтуын қадағалау.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қанқызының түймелерін орналастыр»</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Жәндіктер әлемінде»</p> <p>Мақсаты: Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін дамыту.</p> <p>Ән тыңдау: «Араның әні» А.Еспенбетова Ән айту: «Көбелек» К.Қуатбаев</p> <p>Әуенді- ырғақты қимыл-ойын: «Көбелектер биі»</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Жәндіктер әлемінде»</p> <p>Мақсаты: Таныс әуенді тыңдау, тану. Қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру</p> <p>Ән тыңдау: «Араның әні» А.Еспенбетова Ән айту: «Көбелек» К.Қуатбаев</p> <p>Әуенді- ырғақты қимыл-ойын: «Шегірткелер секіреді»</p>	<p>Ересектердің берген тапсырмаларын орын дауға дағдыландыру</p>
---	--	---	---	---	--

<p>Еңбек бәрін жеңбек</p> <p>4-апта 25.04-29.04</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1. Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру. Допты нысанаға көздеп лақтыру. Қимылды ойын: «Кубиктерді жинастыр»</p> <p>2. Бағытты өзгертіп жүгіру. Доғаның астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>3. Допты бір метр қашықтықтағы қақпаға домалату. Допты қос қолдап торға лақтыру. Спорттық іс-шара: «Ептілер, күштілер»</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Алғашқы көмек» (әңгіме) Ж.Бұғыбаев Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын талдауға, оларға баға беруге, өзінің көзқарасын білдіруге үйрету. Ойын тапсырма: «Қуыршаққа көмектес»</p>	<p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Төбешік құрастырайық» Мақсаты: Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жасауға үйрету. Үстел –үсті ойыны: «Үй қалаймыз»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Үлкендердің еңбегін бағалау» Мақсаты: Сурет көрсету арқылы үлкендердің еңбегі туралы түсіндіру. Құрметтеуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Анама көмектесемін»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Қошақандарға шөп береміз» Мақсаты: Жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуға үйрету. Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу. Дидактикалық ойын: «Қошақанға шөп береміз» Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Біз еңбекқор баламыз» Мақсаты: Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге, жұптаса билеуге дағдыландыру. Ән тыңдау: «Қолқанат» Д.Омаров Ән айту «Мамыр айы келіпті» Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!» Мүсіндеу</p> <p>Тақырыбы: «Құстарға жем дайындайық» Мақсаты: Ермексазды шымшып үзіп алу әдісін үйрету. Дидактикалық ойын: «Құстарға жем береміз»</p>	<p>Өз тілектерін білдіру үшін қажетті сөздерді қолдануға үйрету.</p>
---	--	--	--	---	--

КІШІ «БАЛАПАН» ТОБЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

2021 -2022 оқу жылы мамыр айы

Өтпелі тақырып: «ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН!»

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, оларды достық сезімге, мейрімділікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

-балалардың топтағы қарым-қатынас дағдыларын анықтау және дамыту;

-достыққа, мейрімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;

-өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

Тақырыпша	«Денсаулық»-3 Дене шынықтыру-3	Коммуникация-1 Сөйлеуді дамыту- 0,5 Көркем әдебиет -0,5	Таным- 2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	Шығармашылық- 3 Сурет салу-1, Мүсіндеу-0,25 Апликация-0,25; Музыка – 1,5	Әлеумет-0
<p>Достық-біздің тірегіміз</p> <p>1-апта 02.05-06.05</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.30-40 секунд бойы үзіліссіз жүгіру. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»</p> <p>2.Еңіс тақтай үстімен жүру. Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру. Музыкалық жаттығу: «Достар жаттығуы»</p> <p>3.Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» (орыс халық ертегісі) Мақсаты: Балаларға саусақ театры арқылы ертегіге қызығушылықтарын бекіту. Дидактикалық ойын: «Дәмінен ажырат»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Ақпыз, қара, сарымыз» Мақсаты: Түрлі түсті пирамидаларды құрастыру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру және бекіту (қызыл, жасыл, көк, сары, күлгін, қара, ақ) Дидактикалық ойын: «Пирамиданы жина»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Шуақты күннің сәулесі» Мақсаты: Жер бетіндегі тіршілік үшін күннің сәулесінің қажеттілігі туралы түсініктерін бекіту, күннің</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отшашу» Мақсаты: Негізгі түстерді бояуларды ала отырып қыл қаламмен қағаз бетіне сүйкеу әдісі арқылы сурет салуды бекіту. Дидактикалық ойын: «Түстерді ата»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Біздер тату достармыз» Мақсаты: Өзара достық, татулыққа тәрбиелеу. Ынтымақ мерекесі туралы түсінік беру. Ән тыңдау: «Достық» И.Нүсіпбаев Ән айту «Мамыр айы келіпті» Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!»</p> <p>Музыка</p>	<p>Ересектерді ынтымақтастықпен тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру.</p>

	<p>Ауданы 50x50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. Қимылды ойын: «Досыңа допты домалат»</p>		<p>сәулесіне қуана білуге баулу. Қимылды ойын: «Күн мен түн»</p>	<p>Тақырыбы: «Біздер тату достармыз» Мақсаты: Өзара достық, татулыққа тәрбиелеу. Ынтымақ мерекесі туралы түсінік беру. Жаңа ән үйрену Ән тыңдау: «Достық» И.Нүсіпбаев Ән айту «Біз-көңілді қуыршақ» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!»</p>	
<p>Отан қорғаушылар 2-апта 10.05-13.05</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Орындық астымен еңбектеп өту. 0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Нысанаға дәлде» 2. Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту. Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. Қимылды ойын: «Ұшақтар» 3. Кішкене қапшықты төбесіне</p>	<p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қайрымдылық» (әңгіме) <i>Д.Далабеков</i> Мақсаты: Балаларды тыңдағандары, көргендері туралы айтып беру дағдыларын бекіту. Ойын тапсырма: «Бізге кім келгенін тап»</p>	<p>Құрастыру Тақырыбы: «Зымыран» Мақсаты: Әртүрлі түстегі және пішіндегі тұратын құрылыс материалдарынан бірінің үстіне бірін қою, текшелерді үйлестіре құрастыруға бекіту. Дидактикалық жаттығу: «Зымыран» Жаратылыстану Тақырыбы: «Менің атам» Мақсаты: Балаларды өздерінің отбасы мүшелерін атап айта білулерін бекіту. Дидактикалық ойын: «Таны да, ата»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Жұлдызша» Мақсаты: Балаларды дайын үлгідегі суретті қызыл түсті гуашпен бояуға, қылқаламды пайдалану дағдыларын бекіту. Дидактикалық ойын: «Бұл қандай пішін» Музыка Тақырыбы: «Ағалардай боламыз» Мақсаты: Отан қорғаушылардың істерін үлгі ету. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Ән тыңдау: «Ағалардай боламыз» Б.Жұмабекова Ән айту «Біз-көңілді қуыршақ» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын:</p>	<p>Айналасындағылармен қарым-қатынасты реттеу үшін, қажетті сөздерді қолдана білуге үйрету.</p>

	<p>қойып, тақтай үстімен жүру. Доға астынан еңбектеп өту.</p> <p>Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер»</p>			<p>«Көңілді марш» Ә. Бестібаев</p> <p>Апликация Тақырыбы: «Түрлі түсті жалаушалар» Мақсаты: Жалаушаларды түсіне қарай араластыра тізбектей білулерін бекіту. Дидактикалық ойын: «Түстерді ата»</p>	
<p>Көңілді жаз</p> <p>3- апта 16.05-20.05</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру. Аласа орындық үстінде еңбектеу. Қимылды ойын: «Көбелекті ұста»</p> <p>2. Бір және екі қолмен допты еденге ұру. Таспалардан аттап өту. Қимылды ойын: «Менің көңілді добым»</p> <p>3. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Көлшік судан атап өт»</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жазда» (өлең) Нәсіпбек Айтөв Мақсаты: Жыл мезгілдері жайлы ойларын кеңейту, жайқалған жаз, жазғы қызықтар туралы түсінік бере отырып суреттерде бейнеленгендер туралы айтып беру дағдыларын бекіту. Дидактикалық ойын: «Ғажайып қорап»</p>	<p>Сенсорика Тақырыбы: «Көңілді балықшылар» Мақсаты: Балаларды әртүрлі тәсілдермен судан затты алу дағдысын жаттықтыру. Ойын жаттығу: «Балық аулау»</p> <p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Алақай жаз келді» Мақсаты: Жаз мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістермен таныстыру (күннің көзі нұрын шашады, адамдардың киіміне назар аудару). Дидактикалық ойын: «Күн нұры»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: Балықтар жүзеді Мақсаты: Аквариумды бояуда балаларды ересектермен бірге әрекет етуге (ересектердің салған суретін толықтыру) қызығушылықтарын бекіту. Дидактикалық ойын: «Балық аулау»</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Көңілді жаз» Мақсаты: Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Ән тыңдау: «Жаз келді, алақай» А.Айтуова Ән айту: «Күн» Г.Әбдірахманова Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен түн» қимылды ойын</p> <p>Музыка Тақырыбы: «Көңілді жаз» Мақсаты: Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды</p>	<p>Күрделі емес тапсырмаларды өз беттерінше орындау дағдыларын қалыптастыру.</p>

				<p>қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Көңілді орта қалыптастыру.</p> <p>Ән тыңдау: «Жаз келді, алақай» А.Айтуова</p> <p>Ән айту: «Күн» Г.Әбдірахманова</p> <p>Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен түн» қимылды ойын</p>	
<p>Мен жасай аламын</p> <p>4-апта 23.05-27.05</p>	<p>Дене шынықтыру (негізгі қимылдар)</p> <p>1. Бір қалыпты жүру. Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру.</p> <p>Қимылды ойын: «Мен дәл тигіземін»</p> <p>2. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп, бір орнында баяу айналу.</p> <p>Музыкалық жаттығу: «Менен кейін қайтала»</p> <p>3. Жол бойымен еңбектеу. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу.</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Тақырыбы: «Әке мен бала» (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин</p> <p>Мақсаты: Шығарманы тыңдай білу дағдыларын бекіту. Үлкенді тыңдауға, өзіне берілген тапсырманы орындай білуге және шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?» »</p>	<p>Құрастыру</p> <p>Тақырыбы: «Мен шөп жинадым»</p> <p>Мақсаты: Жұмырлау, жырту, умаждалған және жыртылған жасыл түсті қағаздардан құрастыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Нені қайда қоямыз?»»</p> <p>Жаратылыстану</p> <p>Тақырыбы: «Құмды зерттеймін»</p> <p>Мақсаты: Балаларды құрғақ және дымқыл құммен таныстыру. Ерекше қасиеттерін атап айтқызу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Құмнан бәліш жасаймын»</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Тақырыбы: «Доп саламын»</p> <p>Мақсаты: Балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда салуды бекіту. Өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға үйрету.</p> <p>Ойын тапсырма: «Менің доптарымның түсін ата»</p> <p>Музыка</p> <p>Тақырыбы: «Ән саламыз, билейміз»</p> <p>Мақсаты: Көпке ілесе қимылдау, екеуден айналу дағдыларын дамыту. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.</p> <p>Ән тыңдау: «Биші болам өскенде» Б.Ғизатов</p> <p>Ән айту: Жетекшінің таңдауы бойынша өткен әндерге шолу</p> <p>Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Кел-балақан» К.Қуатбаев</p> <p>Мүсіндеу</p>	<p>Өзін –өзін ұстаудың нормаларын меңгерген және жағымды әдеттері қалыптасқан.</p>

	Спорттық іс-шара: «Біз спортшылармыз»			Тақырыбы: «Әтешке қоршау жасаймын» Мақсаты: Домалақталған ермексазды екі алақанмен есу арқылы сопақшалап қоршауға, баған жасауға болатыны туралы білімдерін бекіту. Дидак-қ ойын: «Түстерін ата»	
--	---	--	--	--	--



БЕКІТЕМІН:
«Нұр-Жеңіс» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі
О.Усербаева

**«Балапан» кіші тобының
2021-2022 оқу жылына арналған
циклограммасы**

Тәрбиеші: Аюпова Г

ЦИКЛОГРАММА
I-апта (01.09.2021-03.09.2021 ж.)
Кіші «Балапан» тобы
Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыпша: Менің балабақшам

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі 01.09.2021ж	Бейсенбі 02.09.2021ж	Жұма 03.09.2021ж
<p>«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б.)</p> <p>Таңертеңгі дене шынықтыру</p>	<p align="center">Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Менің балабақшам туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</p>				
			<p>«Менің балабақшам» Мақсаты: Фото сурет кұрастыру. Фото суретте бейнеленген гүлдерді және балабақша маңында өсіп тұрған гүлдерді табу.</p>	<p>Саусақ ойыны: Мақсаты: Саусағым да сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайқ жинап күш.</p>	<p>Кеңістіктер д\ о: «Кеңістік» балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.</p>
<p align="center">Таңертеңгі жаттығулар кешені №1 Құралсыз жаттығу жасату. 5-6 мин Мақсаты: Балалардың дене дамуын шынықтыру.</p>					
<p>Гигиеналық шаралар Таңғы ас</p>	<p>Ойын- жаттығу</p>				
<p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p align="center">Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар</p>				
			<p>Балабақша туралы айту Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелеу арқылы зейіндерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту</p>	<p>Ойыншықтың орнын табу Мақсаты: Ойыншықтың орнын таба білуге үйрету</p>	<p>Достарымызға сыйлық жасау Мақсаты: Достарына арнап өз қалауынша сыйлық жасу.</p>

<p>«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)</p>			<p>Музыка 2)«Қуыршақпен билейміз» Мақсаты:«Қуыршақпен билейміз»балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру Сурет салу Тақырыбы : « Қағаз, қарындашпен таныстыру» Мақсаты:сурет салуға деген шеберлігін артыру</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы : «Допты қос қолмен бір-біріне лақтыру, ұстап алу.» Мақсаты:«Доғаның астынан еңбектеп өту» орындалатын жалпы даму жаттығуларын жаттықтыру</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы : «Доғаның астынан еңбектеп өту» Мақсаты:«Доғаның астынан еңбектеп өту» орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жаттықтыру Жаратылыстану Тақырыбы : «Балабақша өз үйім» Мақсаты:Балабақша мен таныстыру.</p>
<p>«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.</p>	<p>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын тандау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.</p>				

Серуен			<p>№3.Бақылау:Жылы жаққа қайтқан тырнарды бақылау. Мақсаты:Күзде тырнардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек:Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу</p>	<p>№4.Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты:Гүлзард ағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Қимылдық ойын: «Орамал тастау».</p>	<p>№5.Бақылау:Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету Қимылдық ойын: «Ұшты-ұшты»</p>
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
« Ас дәмді болсын » Гигиеналық шаралар Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызуҰқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
« Тәтті ұйқы » Күндізгі ұйқыға жатқызу	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
			№3. Мысық, әтеш және түлкі ертегісін айту	№4. Торғай мен тышқан ертегісін айту.	№5. Қияр мен қырыққабат ертегісін айту

<p>«Ұйқыдан ояну және сергіту» Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар</p>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз. Шынығамыз жастай біз, Қиынсынып қашпаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір, Қимылдайды әр сәтте, Аяқ та, қолда бір.</p>				
<p>«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралары. Бесін ас.</p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.</p>				
<p>«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.</p>			<p>. Үстел- үсті ойыншықтары театры: Мақсаты: ойыншық кейіпкер үшін іс-әрекет орындау, бейнелеудің басым құралдары дауыс ырғағы және бет қимылы болып табылады.</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: балалардан сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету</p>	<p>Музыкалық - ырғақтық жаттығулар.музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.</p>
<p>Серуенге дайындық.</p>	<p>Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.</p>				
<p>Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары</p>			<p>№3 Торғайлар мен мысық Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін,</p>	<p>№4 «Допты тордан лақтыр» Мақсаты : Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке, шапшаңды кқа үйрету.</p>	<p>№5 Өзіңе жұп тап Мақсаты: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру,</p>

			байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту		зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.
Серуеннен оралу.	Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Кешкі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз- аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ;				
«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.			«Жаңа оқу жылының негізгі бағыттары» атааналарменкеңесте ржүргізу	«Меніңбалабақшам, меніңмақтанышым» тақырыбындаата- аналарғакөрмеұйымдас тыру .	«Менің балабақшам, менің мақтанышым» тақырыбында ата- аналарға көрме ұйымдастыру

ЦИКЛОГРАММА
II-апта (06.09.2021-10.09.2021 ж.)
Кіші «Балапан» тобы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыпша: Менің достарым

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.09.2021ж	Сейсенбі 07.09.2021ж	Сәрсенбі 08.09.2021ж	Бейсенбі 09.09.2021ж	Жұма 10.09.2021ж
<p>«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. Танертеңгі дене шынықтыру</p>	<p>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Менің достарым туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</p>				
	<p>Сергіту сәті Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады. Достар бірге жүреміз, (қол ұстасып, айнала жүру) Бірге ойнаймыз, күлеміз. (бір-біріне қарап, күлу) Бірге балық аулаймыз, (қолдарын алға созу) Міне, біздер қандаймыз! (қолдарын жоғары созу) Бөлінбейді іргеміз, Әрқашанда біргеміз.</p>	<p>Тіл ұстарту жаттығуы Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау.</p>	<p>ТҮЛКІШЕК (қызықтама) Түлкі, түлкі, түлкішек,- Түнде қайда барасың? - Апам үйіне барамын, - Апаң саған не берер? - Ешкі сауып сүт берер, - Оны қайда қоясың? - Жалпақ тасқа қоямын. – Ит ішіп кетсе қайтесің? - Бақан ала қуамын. - Былғанып қалса қайтесің? – Ағын суға жуамын. - Ағып кетсе қайтесің? - Қайықпенен қуамын. - Жеткізбесе қайтесің? – Жылай, жылай қаламын</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Үй құстары – менің достарым» Мақсаты: Жасырын тұрған суреттерді тауып, ағылшынша аттарын айтады. Тауық- a hen Қаз-а goose Үйрек- a duck Күркетауық- a turkey</p>	<p>Кеңістіктер д\ о: «Жоғарыда- төменде»мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту. Дид-қ ойын: «Менің айтуым бойынша». Мақсаты: Суреттеп айтқан баланы табу қажет</p>
<p>Гигиеналық шаралар Таңғы ас</p>	<p>Танертеңгі жаттығулар кешені №2. Құралмен 5-6 мин Мақсаты: Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу Ойын- жаттығу</p>				
	<p>Добым, добым домалақ (екі қолынды айналдыру) Тоқтамайсын домалап (тезірек екі қолды айналдыру) Үстел үстін бүлдірдің (көлымен үстел үстін көрсету) Тәрелкені сындырдың (екі қол алақанымен тарелкені жасау, екі жаққа жылдам шашу) Тентек болып кеттің деп (Сұқ саусақпен ескерту) Тұрмын сені тепкім кеп (екі қол белде, оң аяқпен тебу)</p>				

	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу. Бата: Асқа адалды Басқа амандық Денге саулық Берсін аумин				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	Сергіту сәті Өлең мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстар жасалады. Достар бірге жүреміз, (қол ұстасып, айнала жүру) Бірге ойнаймыз, күлеміз. (бір-біріне қарап, күлу) Бірге балық аулаймыз, (қолдарын алға созу) Міне, біздер қандаймыз! (қолдарын жоғары созу) Бөлінбейдіргеміз, Әрқашанда біргеміз	Тіл ұстарту жаттығуы Өс- өс- өс, Тігіп алдым қос, Екіге екіні қос. Көңілде жоқ қос. Өс-өс-өс. Өнегелі болып өс. Ұқыпты боп өс. Ағаш тез- тез өс. Музыка әуенін тыңдап, музыка сай жаттығу жасау.	Дид-қ ойын: «Мен айтамын, досым жасайды» Мақсаты: балалардың ептілігін, аңғарымпаздығын жетілдіру.	«Менің достарым» Мақсаты: Дара мен оның достары туралы ағылшын тілінде мағлұматтар беру.	Дид-қ ойын: «Сәлемдесу» Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әртүрлі елдің, адамдардың сәлемдесу әрекетін көрсетеді.
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	Музыка 1.«Қуыршақпен билейміз» Мақсаты: «Қуыршақпен билейміз» балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру Құрастыру Тақырыбы : «Жиһаз» Мақсаты: Құрылыс материалдар құрастырғыштар	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Доғаның астынан еңбектеп өту» Мақсаты: «Доғаның астынан еңбектеп өту» орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жаттықтыру Сөйлеуді дамыту Тақырыбы : «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: «Менің сүйікті ойыншығым» сөдер арқылы меңгерту	Музыка 2.«Қуыршақпен билейміз» Мақсаты: «Қуыршақпен билейміз» балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру Сурет салу Тақырыбы : « Ұзын жолдар»	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу.» Мақсаты: «Доғаның астынан еңбектеп өту» орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жаттықтыру	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Допты бір-біріне лақтыру, ұстап алу.» Мақсаты: «Доғаның астынан еңбектеп өту» орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жаттықтыру Жаратылыстану

	арқылы құрастыруға баулу		Мақсаты: сурет салуға деген шеберлігін артыру		Тақырыбы : «Көкеністер. Қызанақ, қияр» Мақсаты: «Көкеністер. Қызанақ, қияр»қайдан келеді балалар еңбекке баулу
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.				
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтансоңауыздарыншаюдықадағалау.				
«Тәтті ұйқы» Күндізгі ұйқыға жатқызу	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату				
	Құлын, қозы, лақ. Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату	Шұбар тауық ертегісін оқып беру.	Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады? ертегісін оқып беру.	«Үш аю» ертегісін оқып беру.Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату	Күшік пен мысық ертегісін оқып беру.
«Ұйқыдан ояну және сергіту» Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар	Майтабанның алдын алу. Арнайы төсеніштер үстімен жалаңаяқ жүру. Аяқтың ұшымен, толық табанмен, сыртқы қырымен жүріп өту. Бір қалыпта орындыққа отыру. Аяқтарын алға созу. Саусақтарын ашу, жұмдыру. (6-8 рет.)Бір қалыпта орындықта отыру. Аяқтарын созу, ұшымен біресе өкшесімен (6-8 рет.) Бір қалыпта орындықта отыру. Аяқтарын алға созу, қосу. Ауада аяқтарымен әр түрлі геометриялық пішіндер жасау. (шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш.) (6-8 рет.)				

	Бір қалыпта орында өкшемен отыру, аяқ саусақтарын көтеру кезінде, өкшені еденнен көтермеу (6-8 рет.) 2.Кедір бұдыр пластмассалық пробкалармен жүргізу 3. Дүмпу жолдарынан жүгіріп өту. 4. Тыныс алу жаттығуларын жасау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралары. Бесін ас.	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.	Дидактикалық ойын: «Менің досым» Барысы: Балалар, сендерді ойын ойнауға шақырамын. Мен бір балаға доп лақтырамын да, «Сенің досың қандай?» деп сұраймын. Сендер допты маған қайта лақтырып, достарыңның қандай екенін айтасыңдар? Балалар: Менің досым ренжітпейді Менің досым	Жеке баламен жұмыс: Сөйлеуді дамытудан Мақсаты: тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын жаттығуы: «Дұрыс, бұрыс» Мақсаты: Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	Музыкалық - ырғақтық жаттығулар. музыкалы қ сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: балалардан сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.
Серуенге дайындық.	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды байқап, оны дұрыстай білулерін қадағалау.				
Серуен, қимыл – қозғалыс ойындары	« Аңшылар мен қояндар » Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету.				
Серуеннен оралу.	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Кешкі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				

«Қош бол,	Балалардың	Психолог кеңесі (жеке	Балалардың	Ата-аналармен	Балалардың таңертең
-----------	------------	-----------------------	------------	---------------	---------------------

балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	тазалығы жайлы әңгімелесу.	балаларға)	балабақшаға ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру.	әңгімелесу. Б алаларының жақсы қасиеттерін айту.	кешікпей келулерін ата аналарға ескерту.
---	-------------------------------	------------	---	---	---

ЦИКЛОГРАММА
III-апта (13.09.2021-17.09.2021 ж.)
Кіші «Балапан» тобы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»
Тақырыпша: Менің сүйікті ойыншықтарым

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.09.2021ж	Сейсенбі 14.09.2021ж	Сәрсенбі 15.09.2021ж	Бейсенбі 16.09.2021ж	Жұма 17.09.2021ж
<p>«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру</p>	<p align="center">Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Менің сүйікті ойыншықтарым туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</p>				
	<p>«Бал-бала» ойыншықтарын тамашалайды. Мақсаты: Өн айтып, билейтін ойыншықтар ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, баланың интелектісін дамытады. Сан санапүйретеді.</p>	<p>Дидактикалық ойын : « Ойыншықты тап» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Қай ойыншықтың тығулы тұр?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Дидактикалық ойын : « Сикырлы қорапша» Мақсаты: Ойыншықтарды қарау және зерттеу, ажыратып олардың түсін, пішінін, бөлшектерін және бөлімдерін атау, заттарды топтастыра білуін жетілдіру. Қазақ және орыс ұлттарының ұлттық ойыншықтар мәдениетіне баулу. Ойыншықтарға деген қамқорлық қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеу, оларды сақтау тережелерімен таныстыруды жалғастыру.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Ойыншықтар дүкені» Мақсаты: балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстыру.</p>
<p>Гигиеналық шаралар Таңғы ас</p>	<p align="center">Таңертеңгі жаттығулар кешені №3 Құралсыз 5-6 мин Мақсаты: Балалардың дене дамуын шынықтыру.</p> <p align="center">Ойын- жаттығу</p> <p>Той болғанда ауылда, (екі қолды екі жаққа жайады) Биші шықты ортаға. (бишінің қимыл қозғалыстарын жасау) Не киіпті басына? (басынекі қолымен көрсету) Та-қи-я</p>				

	<p>Не киіптіүстіне? Көй-лек Ал көйлектіңүстінен... Қам-зол Аяғына не киген? Мә-сі Мұңбұралғантамаша Солбишінікімкөрді? Мен!!!</p> <p>Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу Бата: «Астарыңыз дәмді болсын» Асың-асың-асыңа Береке берсін басыңа Алла бізді қолдасын Ешжамандықболмасын</p>				
<p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p>Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар</p>				
	<p>Ойыншықтар Ойыншықтар қандай әдемі, Қызыл, сары, қонір, көк. Түрлі-түрлі түстері, Көз тартады өздері. Іші толған бөлменің, Ойыншығым мол менің. Босқа тізіп қоймаймын, Достарыммен ойнаймын</p>	<p>Дидактикалық ойын «Қуыршақ қонаққа дайындалуда» Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.</p>	<p>Ойыншығым Үлкенмін ғой міне мен, Ойыншықтарды жинаймын. Машинаға мінер ем, Кабинағасымаймын.</p>	<p>Санамақ Бақшаға жақсыға, Көп-көп ойыншықкелді. Бірбалық, біраю, бірүйрек. Біртүлкі, бірбүркіт, Шатасып қалма бірақта, Бақшаға жақсыға, Қанша ойыншықкелді</p>	<p>Әңгімелесу «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Балалардың сөздік қорының ойыншықтардың атауларымен байыту.</p>
<p>«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте:</p>	<p>Музыка 1) «Бала, бала балапан» Мақсаты: «Бала, бала балапан» әннің жатқа үйрену Сенсорика</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Таяқшалардан аттап өту» Мақсаты: «Таяқшалардан аттап өту»</p>	<p>Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түстегі қақпалар» Мақсаты: «Түрлі түстегі қақпалар» туралы түсініктерін кеңейту.</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Таяқшалардан аттап өту» орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жаттығу</p>	<p>Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кегельдер арасымен допты қос қолмен ұстап жүріп</p>

Дәруменді таңғы ас)	Тақырыбы : «Құлыншаққа арналған жол» Мақсаты: «Құлыншаққа арналған жол»менгерту.	орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жаттығу	Суретін ұқыпты салу Жапсыру Тақырыбы : «Менің үйім» Мақсаты: «Менің үйім»қалыпты жағдай екеніне тәрбие беру.	Мақсаты: Текшелермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жаттығу Көркем әдебиет Тақырыбы : «Екі дос» өлең Мақсаты: Тақырыбы : «Екі дос» өлеңмағынасын түсіндіріп . оқып беру	өту.»«Таяқшалард ан аттап өту» орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жаттығу Мақсаты: Текшелермен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жаттығу Жаралылыстану Тақырыбы : «Менің ойыншықтарым» Мақсаты: «Менің ойыншықтарым» туралы түсінік беру. Күтіп ұстау және ұқыпты болуға баулу
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
	Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа , ептілікке баулу. Еңбек: Гүл шоғы. Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. Қимылдық ойын: «Үрпек төбет»				
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				

<p>«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралар Түскі ас</p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтансоңауыздарыншаюдықадағалау.</p>				
<p>«Тәтті ұйқы» Күндізгі ұйқыға жатқызу</p>	<p>Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату</p>				
	<p>№11.Көкөністер туралы ертегі Ертегілер айтып жағымды үнмен балаларды ұйықтату</p>	<p>№12. Жалқау қоян ертегісін оқып беру.</p>	<p>№13.Маша мен аю ертегісін оқып беру. Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату</p>	<p>№14.Мысық пен тышқан ертегісін оқып беру.</p>	<p>№15.Су жүрек қоян ертегісін оқып беру.</p>
<p>«Ұйқыдан ояну және сергіту» Біртіндеп ұйқыдан ояту. Шынықтыру шаралары.Ойындар</p>	<p>Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау. Жалқаулықты тастаймыз, Жаттығуды бастаймыз. Шынығамыз жастай біз, Қиынсынып қашпаймыз. Иілеміз оңға бір, Иілеміз солға бір, Қимылдайды әр сәтте, Аяқ та, қолда бір.</p>				
<p>«Ас дәмді болсын» Гигиеналық шаралары. Бесін ас.</p>	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. балалардың назарын тағамға аудару ; тағамның атымен таныстыру, бата айтқызу Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.</p>				
